"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТКОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ"РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТАПО ТУРКЕСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИКОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент к., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

04.03.2020-ғы № 03-12/1053 шығыс хаты

ЖК «УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ»

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі –* Департамент) ЖК «УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ» 15.02.2020 жылғы №62574 өтініші негізінде Түркістан облысы қоғамдық денсаулық басқармасының "№1 Облыстық перинаталдық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен ұйымдастырылған №3843707-2 «Азық-түлік өнімдері» ашық конкурс тәсілімен жарияланған мемлекеттік сатып алудың №30990988-ОК1, №30990989-ОК1, №30990995-ОК1, №30990993- ОК1, №30990994-ОК1, №30990992-ОК1, №30990996-ОК1, №30990998-ОК1, №30991001-ОК1, №30991003-ОК1, №30991005- ОК1, №30991012-ОК1, №30991013-ОК1, №30991014-ОК1 лоттары бойынша камералдық бақылау жұмыстары жүргізілді.

ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 2 бабының 2 тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші – мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға үміткер, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында олар үшін өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлға осы жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, әлеуетті өнім беруші болуы мүмкін.

Заңның 2 бабының 24 тармақшасына сәйкес, өнім беруші – тапсырыс берушімен мемлекеттік сатып алу туралы жасасқан шартта оның контрагенті ретінде әрекет ететін, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға, заңды тұлға (егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда), заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі (консорциум). Кәсіпкерлік қызмет субъектісі болып табылмайтын жеке тұлғаға жекеменшік құқығымен тиесілі тұрғынжайды тапсырыс берушілер сатып алған жағдайда, мұндай жеке тұлға өнім беруші болуы мүмкін.

Конкурстық құжаттамаға 2-қосымшасына сәйкес, Ұйымдастырушы тарапынан азық-түлік өнімдерін жеткізуге және сатуға құқығын растайтын құжаттарды әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп анықталған жағдайда және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда ғана орындалатын талап болып айқындалады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі – Қағида)* 150 тармағында, Әлеуетті өнім беруші (конкурсқа қатысушы

04.03.2020 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

болып танылған) конкурсқа жіберілмейді егер ол және (немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы келесі негіздемелер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: конкурстық құжаттаманың 5, 5-1, 6 және 7-қосымшаларына сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді ұсынбауы, сондай-ақ толық емес ұсынуы.

Конкурстық құжаттамаға 7 – қосымша болып табылатын, біліктілігі туралы мәліметтердің 4 тармағына сәйкес, растау құжаттарының электрондық көшірмелерін қоса бере отырып, қызметтерді көрсету үшін қажет талап етілетін материалдық ресурстардың бар екендігі туралы мәліметтерінде Жеке меншік (меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін), жалға алынған (кімнен және жалға берушінің меншік құқығын растайтын құжаттар қоса берілсін) делінген.

Алайда, камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында, әлеуетті өнім беруші ЖК «УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ» конкурстық өтінімі құрамында автокөліктің меншік құқығын немесе жалға алынғандығын растайтын құжаттарды ұсынбағандығы анықталды.

Қағиданың 150 тармағы 2 – тармақшасына сәйкес, егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса: әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейтін техникалық ерекшелікті ұсынуы, сондай-ақ техникалық ерекшелікте талап етілетін құжаттарды ұсынбауы делінген.

Камералдық бақылау жұмыстарын жүргізу барысында, әлеуетті өнім беруші ЖК «Жанна» конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін техникалық ерекшелікті ұсынғандығы анықталды.

Сәйкесінше, әлеуетті өнім беруші ЖК «УТЕГЕНОВА САУЛЕ ЛЕСКЫЗЫ» өтінішінде келтірілген уәждер өз дәлелін таппағандығын мәлімдейміз.

Камералдық бақылау – ҚР ҚМ 30.11.2015 жылғы №598 «Камералдық бақылау жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының 19 тармағына сәйкес жүргізілгенін мәлімдей келе, өтініш мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы N 221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 және 14 баптарына сәйкес өтініш бойынша қабылданған шешімге шағым жасауға құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **А.Омаров**

✍: А.Шопчекбаев
☎: 35-06-06

А. Байкуанышов